

*Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Жасталап ауылы
Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі*

*Рахметова Ақтоқты Даниярқызы
Ағылшын тілі пәні мұғалімі*



*“Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас”
әдістемелік апталық семинары*

*Жаңартылған бағдарлама
бойынша сабақ
жоспарлаудағы ұйымдастыру
бөлімін өткізу түрлері*

Атырау облысы, 2017 жыл

“Мақтаныш” тренингі



*«Маған айтшы - мен ұмытып қаламын;
маған көрсетші - менің есімде қалады;
өзіме істетші - мен сонда түсінемін»*

(Қытай мақалы)



Мақсаты:

- *Сабақ өткізуде оқушы белсенділігінің әсерін арттыруда,*
 - *әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтауда,*
 - *жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшуде мұғалімдерге көмек ретінде сабақ жоспарлауда*
- ұйымдастыру кезеңінде қолданылатын интербелсенді әдістерді ұсыну;*

Күтілетін нәтижелер

*Тапсырма: бүгінгі сабақтан күтетін нәтижелеріңізді
жазыңыздар*

Не білемін?

Нені білгім келеді?



Сабақ жоспарлаудағы ұйымдастыру кезеңінде қолданылатын әдістер



Ұйымдастыру

кезеңі

**Оқушылармен
амандасу, түгендеу**

- **Бастапқы ынталандырушы тапсырмалар беру**

**Оқушыларды
топқа бөлу**

- **Түс таңдау, суреттер, “Атомдар мен молекулалар”**
- **т.б**

**Сыныпта
ынтымақтастық
атмосферасын
қалыптастыру**

- **Тренингтер, ойындар, “Сағат арқылы достар”,**
- **т.б**

1 class
«Things I like»
“МОЗАЙКА”

2 class
“Parts of the body”
“Listen and do!”

7 class
“Kahoo it!” приложение

<i>№</i>	<i>Әдіс-тәсіл түрі</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Тиімділігі</i>	<i>Қолданылуы</i>	<i>Кіріктірілген модульдер, идеялар</i>
1	«Миға шабуыл» (әдіс)	Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.	Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.	Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.	СТО, Диалогтік оқыту
2	«Шаттық шеңбері» (сергіту сәті)	Бұл әдіс оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.	Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.	ЖАДА

<p>«Биопоэма» әдісі</p>	<p>Алғашқы сабақ кезінде бір-бірімен танысу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу.</p>	<p>Топтағы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты табады, ізденімпаздыққа жетелейді.</p>	<p>А-4 парақты 8 бөлікке бөліп, әр бөлікке өзі туралы маңызды ақпаратты толтырады. Мәліметтерді толықтырып болған соң, бүкіл топ мүшелерінің біреуінен ұқсастықты байқау, саралау, мәліметті толықтырады.</p>	<p>ЖАДА</p>
<p>«Қар кесегі»</p>	<p>Ұжымдасып өз ойларымен бөлісе алады. Нақтылыққа үйренеді.</p>	<p>Оқушылардың айтылым, жазылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ынтымақтастық қарым-қатынас түзеді.</p>	<p>Әрбір топ оқушылары басқа топтарға бағыттап параққа сұрақ жазып лақтырады. Сұрақтармен кезек-кезек алмасады.</p>	<p>Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, диалогтік оқыту</p>
<p>«Заряд алу» (сергіту сәті) А.Ж. Егізбаев бойынша</p>	<p>Оқушыны ұқыптылыққа, мұқияттылыққа, сезімталдыққа үйрету.</p>	<p>Ресурс қажет емпейді. Оқушылар ынтымақтасады. Көңілдерін көтереді.</p>	<p>Шаттық шеңберге барлығы тұрып, көздерін жұмады. Бастапқы бастаушы қолды 1 рет қысады, екінші айналымда 2 рет қысады, соңында 3 рет қысады, бұл бастапқы бастаушыға барғанда қаниа заряд жібергені бойынша қайта келу керек.</p>	<p>ЖАДА, жағымды ахуал қалыптастыру</p>

<p><i>«Ыстық орындық -1, 2» әдісі</i></p>	<p><i>Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау.</i></p>	<p><i>Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі.</i></p>	<p><i>Сыныптағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығу. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы үй жұмысын немесе жаңа сабақты қорытындылауға бойынша сұрақтарға жауап береді. 2-ші нұсқа бойынша «Ыстық орындыққа» отырған оқушы сұрақтар қоя алады.</i></p>	<p><i>СТО, диалогтік оқыту, Дарынды/талантты, Көшбасшылық</i></p>
---	--	---	--	---



Топтық жұмыс

2-сынып. Математика

“Сызбаның дәлме-дәл құрылысы”

7-сынып. Химия

“Заттың агрегаттық күйлері”

5-сынып. Қазақстан тарихы

*“Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері
бүгінгі күнге дейін сақталды?”*

«Бес саусақ»

1. «Бас бармақ»- басты мәселе.
✓ Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?
2. «Балалы үйрек»- бірлесу.
✓ Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?
3. «Ортан терек»- ойлану.
✓ Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?
4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық.
✓ Сабақмаған ұнадыма? Неліктен?
- 5 «Кішкентай бөбек»-көңіл-күй ахуалы.
✓ Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

